

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы
(2006 жылғы 1 қаңтардағы)**

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 76 филиалы мен 75 өкілдігі бар. 2005 жылы зейнетақы жарналарын тарту және жинақталған зейнетақы жарнасын зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне лицензиялар берілмеді.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және «БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ» АҚ-ы.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредитБанкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны 2005 жылғы желтоқсанда 85 088 (1,13%-ке) ұлғайып, 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 7 613 369 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорда болды: «МЖЗҚ» – 30,25%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,17%, «ҰларҮміт» – 14,72%, «Валют-Транзит қор» - 8,84% және «БТА Құрмет-Қазақстан» – 7,78% немесе олардың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 80,76% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың қараша айында 163 (0,51%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 қаңтарда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 479,9 млн. теңгені құрап 32 336 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ-нан басқа қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 61,49%, «ҰларҮміт»- 18,64% және «Капитал» – 12,48% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 92,61% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары «ҰларҮміт» және «Қазақстан халық банкі» қорларында болды. Салымшылардың жалпы саны – 3 297, дербес зейнетақы шоттарда 17,13 млн.теңге болды. Желтоқсан айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 9 (0,27%-ке) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.01.05ж.	01.01.06ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 974 437	7 613 369	638 932	9,16
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	30 157	32 336	2 179	7,23
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша взносам	2 764	3 297	533	19,28

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты желтоқсан айында 22 230 млн.теңгеге (3,55%-ке) көбейіп, 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 648 581 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды::


(млрд.теңгемен)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.01.02 ж.	182,4	69,8	62,0
01.01.03 ж.	269,8	87,4	47,9
01.01.04 ж.	368,3	98,5	36,5
01.01.05 ж.	484,0	115,7	31,4
01.01.06 ж.	648,6	164,6	34,0

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2005 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 2,6 проценттік тармаққа ұлғайып 34,0% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: «Қазақстан Халық банкі» – 168 343 млн. теңге немесе 25,96%, «МЖЗҚ» – 126 216 млн. теңге немесе 19,46%, «ҰларҮміт» – 117 600 млн. теңге немесе 18,13%, «БТА Құрмет-Қазақстан» – 47 497 млн.теңге немесе 7,32% және «АБН АМРО КаспийМұнайГаз» – 45 879 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,07%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 77,94% келді.

2006 жылдың 1 қаңтардағы жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) желтоқсан айында 6 847 млн. теңгеге (4,62%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 155 134 млн.теңге болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:


Күні	(млрд. теңгемен)			
	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.01.2002 ж.	49,5	17,1	52,78	27,14
01.01.2003 ж.	77,9	28,4	57,37	28,87
01.01.2004 ж.	99,2	21,3	27,34	26,93
01.01.2005 ж.	114,7	15,5	15,63	23,70
01.01.2006 ж.	155,1	40,4	35,22	23,91

Көрсетілген кестеде 2002 жылдан бастап инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюы және өсу қарқыны байқалады. Бірақ, 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2005 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 19,59 проценттік тармаққа ұлғайып 35,22% болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 23,91% болды. 2005 жылғы желтоқсанда таза инвестициялық кірістің үлесі 0,24 проценттік тармаққа өсті.

Желтоқсан айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 15 929 млн. теңгеге (3,21%) өсіп, 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 512 425 млн. теңге болды. 2005 жылы зейнетақы жарналарының түсуі 132 351 млн.теңге болды немесе 2004 жылы зейнетақы жарналарының түсуімен салыстырғанда 28 449 млн.теңгеге (27,38%-ке) өсті. Зейнетақы жарналарының айлық орташа түсуі кезде 2003 жылы 6,9 млрд.теңге, 2004 жылы – 8,7 млрд.теңге, 2005 жылы 11,0 млрд.теңге сомасы болды.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын 3 875 млн. теңге болатын **өсімпұл сомасы** өсуде. 2005 жылғы желтоқсанда салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 214 млн. теңге өсімпұл аударылды немесе қарашамен салыстырғанда 27,38%-ке төмен болды.

Міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 1285 млн.теңге өсімпұл

аударылды, бұл жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық жылғы жалпы сомасының 33,16% болады.

Зейнетақы төлемдері желтоқсан айында 794 млн.теңгеге (2,27%) өсіп, 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 35 784 млн. теңге болды, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдер – 35 659 млн.теңге, ерікті зейнетақы жарналар – 105 млн.теңге, ерікті кәсіби зейнетақы жарналар – 0,13 млн.теңге болды және жалпы сомасы – 20 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.

2005 жылы қорлар міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналар есебінен жалпы сомасы 9 434 млн.теңге зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды, оның ішінде зейнетақы жасына жеткен кезде – 4 799 млн.теңге, Қазақстан Республикасының тыс жеріне шыққанына байланысты – 2 424 млн.теңге, мұрагерлерге – 1 824 млн.теңге, басқа тұлғаларға (мүгедектік бойынша, басқа біржолғы төлемдер) – 374 млн.теңге және сақтандыру ұйымына жинақталған зейнетақы қаражаты - 13 млн.теңге аударылды.


Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2006 жылғы 1 қаңтарда жинақталған зейнетақы қаражаты 96 401 млн. теңге болды немесе 2005 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда 21,82% өсті. Желтоқсан айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 2 409 млн.теңге болды немесе қараша айында жасалған аударымдармен салыстырғанда 37,74%-ке өсті.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗК» - 51,02%, «ҰларҮміт» - 12,53% және «Қазақстан Халық Банкі» - 10,21% және «БТА Құрмет-Қазақстан» - 6,41% немесе осы 4 қорға аударымдардың жалпы сомасының 80,17% келеді.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 650 199 млн. теңге болып, 2005 жылы 165 784 млн. теңгеге немесе 34,22%-ке өсті.

2005 жылғы 1 қаңтар және 2006 жылғы 1 қаңтар аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 15,3 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтері	
	ЖЗҚ	млн. теңге
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	56 711	8,72
АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	45 982	7,07
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	10 729	1,65
"Bailk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	55 939	8,60
АО "ООИУПА "Bailk asset management"	2 332	0,36
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ АО	16 467	2,53
"Мұнайгаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	27 325	4,20
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 815	1,51
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	12 692	1,95
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	12 692	1,95
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	12 692	1,95
"Актив-Инвеси" ЗАИБЖАҰ" АҚ	32 432	4,99
"Валют-Транзит Қор" Жинақтаушы зейнетақы" АҚ	32 432	4,99
"АЛЬФА–ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	16 052	2,47
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 052	2,47
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	117 955	18,14
«ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	117 955	18,14
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	15 517	2,39
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 517	2,39
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	126 437	19,44
"БТА Құрмет-Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	47 633	7,33
"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	168 831	25,97
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	650 199	100,00

2006 жылғы 1 қаңтарда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 634 942 млн. Теңге болды да, 2005 жылы 153 952 млн. теңгеге немесе 32,01%-ке өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	212 856	33,52
ҚР еврооблигациялары	7 980	1,26
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	151 141	23,80
Ұлттық Банктің ноттары	53 657	8,45
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	78	0,01
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	112 340	17,69
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 549	0,56
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	32 549	5,13
Тазартылған алтын	1 010	0,16
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	260 021	40,95
акциялар	59 962	9,44
облигациялар, оның ішінде	200 059	31,51
АҚШ долларына номинирленген	4 572	0,72
теңгеге номинирленген	194 404	30,62
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	12 306	1,94
акциялар	4 047	0,64
облигациялар	8 259	1,30
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	311	0,05
жиынтығы:	634 942	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның инвестициялық портфелдерінде елеулі бөлігін алып отыр және 212 856 млн. теңге болды немесе 33,52% болды. 2005 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда МБҚ көлемі 46 572 млн. теңгеге немесе 17,95%-ке өсті. 2005 жылы Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 106 767 млн. теңгеге немесе 69,67%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 59 545 млн.теңгеге немесе 112,79%-ке өсіп 112 340 млн. теңге болды.

2005 жылы зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,56% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2005 жылы 46,7%-ке өсіп, 32 549 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 1,94% болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2002 жылғы желтоқсандағы – 2005 жылғы желтоқсандағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2006 жылғы 1 қаңтарда номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 18,92% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат [www. afn.kz](http://www.afn.kz). Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржы жағдайы

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 11 932,6 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6 198,9 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 51,9% болды. Жалпы алғанда 2005 жылы меншікті капиталы 3 827,8 млн.теңгеге немесе 47,2% өсті.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомада 1 436,9 млн. теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 12,0% болды.

2005 жылы барлық қорлар, «Д.А. Қонаев атындағы» және «Капитал» қорларын қоспағанда, жалпы сомасы 3 584,4 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын «Қазақстан Халық Банкі»- 39,2%, «БТА Құрмет-Қазақстан» - 19,2%, «МЗЖҚ» - 15,4%, «Ұлар Үміт» - 11,8% және қорлары алды немесе осы төрт қор қорлардың жалпы кірісінің 85,6% болды.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 511,5 млн.теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 4,1% болды.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 8 623,2 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 72,3% болды. 2005 жылы қаржы инвестицияларының көлемі 2 621,8 млн.теңгеге немесе 43,7%-ке өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 2 149,7 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 24,9%), мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3 590,2 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 41,7%), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 2 883,3 млн. теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 33,4%-ін орналастырды.